

**Қазақстанның эстрадалық өнеріндегі мюзикл және рок-опера жанрлары: даму тенденциялары мен перспективалары Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының докторанты Алпысбаева Венера Нагметдуллаевнаның «Қазақстанның эстрадалық өнеріндегі мюзикл және рок-опера жанрлары: даму үрдістері мен перспективалары» тақырыбындағы 6D040800- «Эстрада өнері» мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алу үшін даярлаған диссертациялық жұмысы туралы ғылыми жетекшісінің**

**ШКІРІ**

Алпысбаева Венера Нагметдуллаевнаның ұсынған диссертациялық зерттеуі постиндустриалды, ақпараттық қоғамның қарқынды дамуымен қатар жүретін жаһандану процестеріне байланысты Қазақстанның эстрадалық өнеріндегі мюзикл және рок-опера жанрларын дамытудың қазақстандық өнертану ғылымы үшін өзекті тақырыбына арналған. Еліміздің қоғамдық өмірін демократияландыру Батыс пен ұлттық музыканың өзара әрекеттесуінің жаңа көзқарастары мен тәсілдерін жаңартты. Көптеген ұлттық мәдениеттер үшін дәстүрлер мен инновациялардың өзара әрекеттесу мәселелері әлі де маңызды. Еліміздегі елеулі өзгерістер Қазақстанның мәдени өмірінде және уақыттың жаһандық сын-қатерлеріне жауап беретін, бірақ сонымен бірге ұлттық бастауларын сақтай алған музыкалық өнерінде көрініс тапты.

Диссертацияның Қазақстанның эстрадалық өнеріндегі мюзикл және рок-опера жанрларын дамыту проблемаларына, мәдениетаралық диалогтың, кросс-мәдени коммуникациялардың өзіндік түріне көрсеткен зерттеу қызығушылығы бүкіл әлемдегі экономикалар мен қоғамдардың қарқынды интеграциясы аясында қазіргі заманғы өзара алмасу жағдайында өнердің жұмыс істеуі саласындағы өзекті ғылыми тенденцияларға жауап береді. Ұлттық мәдени негізде еуропалық және американдық жанрлардың дамуының өте күрделі және динамикалық жолын түсіну, өткен тәжірибенің өзгеруін білу, осы процестің ішкі механизмдерін терең талдау осы жұмыстың зерттеу тақырыбына айналды.

Докторант В.Алпысбаеваның қорғауға ұсынылып отырған зерттеуі докторантурада оқу кезінде жүргізген үш жылдық еңбектің қорытындысы болып табылады және уақтылы, әрі қажетті, шын мәнінде жаңашыл, қазіргі заманғы өнертанушылық талаптарына жауап береді. Автор өзінің диссертациясында алғаш рет қазіргі заманғы отандық музыкалық өнердің күрделі және көп қырлы жақтарын, атап айтқанда мюзикл және рок-опера сияқты жанрларды, олардың жүзеге асуы мен бүгінгі жағдайындағы даму перспективаларын көтереді. Осыған байланысты, диссертант ғылыми ізденіс жылдарында жоғары тәртіпті, өзіне деген қатаң талапты және өз мақсатына жетуге деген мықты қабілетін көрсетті. Сондай-ақ, зерттеушінің өзіне тән ерекшеліктерін, атап айтқанда, мейірімді, зиялы, қарым-қатынасқа бейімі бар адам екенін байқатты.

В.Алпысбаева кәсіби опера әншісі, халықаралық байқаулардың лауреаты, Абай атындағы ұлттық опера және балет театрының солисі болып

табылады. Қазіргі таңда «Музыкалық өнер» факультетінің деканы болып қызмет ететін ол өзін жан-жақты жетілген талантты музыкант, диссертацияда қолданылған ғылыми зерттеудің әртүрлі әдістерін меңгерген педагог ретінде танытты. Диссертант жеткілікті жоғары білім дәрежесі мен оларды практикалық жүзеге асыру қабілетіне ие бола отырып, өзінің өмірлік жолында шығармашылық және ғылыми әлеуетін көрсетті.

Шетелде мюзикл мен рок-опера заманауи классикалық жанрлардың негізін қалады. Ал посткеңестік кеңістіктегі елдерде олардың соңғы онжылдықта белсенді дамуын атап өту керек, әсіресе, Ресейде арнайы Мюзикл театры ашылған, телеарналардан хабарлар таратылып, өнердің осы түрін кеңінен насихаттайды, театртану және музыкатану ғылымдары бар. Алайда, Қазақстанда мюзикл – бұл жаңа мәдени құбылыс, жақында Астанада мюзикл театры ашылды. Осыған байланысты біздің диссертант ғылыми-педагогикалық қызметімен республикада осы жанрдың дамуына елеулі үлес қосқаны қуантады, өйткені В.Алпысбаева жаңа мамандандыру бойынша Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында студенттерді – мюзикл әртістерін даярлауға белсенді қатысып, теориялық зерттеу жүргізді.

В.Алпысбаеваның докторлық диссертациясы тұжырымдамалық, жүйелі және ғылыми негізделген жазылған, практикалық және теориялық маңызы зор. Таңдалған тақырыпты зерттеудегі кешенді тәсіл ізденушіге мюзикл мен рок-операның тіршілік ету процесін жан-жақты бақылауға және одан әрі даму жолдарын анықтауға, олардың қазіргі қоғамның эстетикалық сұраныстарына сәйкес келетін, сондай-ақ жалпы әлемдік өнердің көркемдік және стильдік бағыттары бойынша икемді түрде өзгертін динамикасын байқауға, сонымен бірге ерекше ұлттық музыкалық тілдің элементтерін сақтайтындығын көруге мүмкіндік береді.

Диссертациялық зерттеудің басында автор жұмыстың өзектілігін, жаңалығын, объектілерін дәлелдейді, оған жалпы сипаттама береді, Қазақстанда отандық мюзиклді дамыту қажеттілігі туралы идеяны баса айтады, ел мәдениетінің имиджін ілгерілетіп, әлемдік сахна кеңістігіне шығарды. Сонымен қатар, диссертацияда таңдалған мәселелердің зерттелу дәрежесі ашылды, орыс, шетелдік және отандық ғалымдардың қосқан үлестері, олардың есімдері мен жарияланымдары тиісті ғылыми этикаға сай атап өтілді. Докторант В.Алпысбаева мюзикл мен рок-операның тарихи мәселелеріне, ұлттық ерекшеліктеріне ерекше назар аударады. Осылайша, бүкіл зерттеудің тұжырымдамасы ғылыми негізделген, әрі қисынды түрде жасалған, бүгінгі күнге дейін Қазақстанның егеменділікке қол жетуінің арқасында ұлттық мәдениетті насихаттау мен дамытудың жалпы процесіне мюзикл мен рок-операны енгізудің кең перспективалары пайда болды. Диссертациялық зерттеудің барлық негізгі тұжырымдары, оның мазмұнының шынайылығы және ғылыми жаңалығы осы басым идеяға негізделген.

Диссертант мюзикл мен рок-операда жан-жақты көрінетін, оның негізі болып табылатын өнер синтезі мәселесіне егжей-тегжейлі тоқталады. В.Алпысбаеваның қазіргі заманғы музыкалық театр өнерін зерттеу және дамыту мәселесі ғылыми-зерттеу қызығушылығының арнасында ерекше

сүрлеу болып көрінеді. Бұл аспектке ол қазақстандық композиторлардың мюзиклі мен рок-операсының мәнін, құрылымын және орындаушылық тәсілдерін айқындайды. Автор өз зерттеуінде мюзикл мен рок-операның орны мен ролін, олардың Қазақстанда қойылымын іске асыру қажеттілігін құжаттық әрі ғылыми негіздейді, осы жанрларды танымал етуге жәрдемдесіп, сол арқылы ел экономикасына белгілі бір үлесін қосып, Қазақстанның қазіргі заманғы көпвекторлы өнерінің қатарына лайықты енеді. Диссертация қорытындысында алынған зерттеу нәтижелері қорытындыланды.

Сонымен, мен ғылыми кеңесші ретінде жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, республикамыздағы бірегей зерттеу жұмысының өзектілігін, жаңалығын және жұмыстың ерекше маңыздылығы бағалай келе, «Қазақстанның эстрадалық өнеріндегі мюзикл және рок-опера жанрлары: даму үрдістері мен перспективалары» атты диссертация жоғары деңгейде орындалған, ал ізденуші Алпысбаева Венера Нагметдуллаевна 6D040800 – «Эстрада өнері» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

**Ғылыми кеңесшісі:**

**Темірбек Жүргенов атындағы**

**Қазақ ұлттық өнер академиясы**

**«Эстрада оркестрінің аспаптары»**

**кафедрасының профессоры,**

**өнертану кандидаты**

**Бегалинова Г.А.**

